

**Қарағанды облысы
білім басқармасының
«Шахтинск қаласының
білім бөлімі» ММ басшысы
Н. Б.Онсович**

**Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім
бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжайы» КМҚК
2025 жылға арналған ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау
нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама**

2025 жылға арналған ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі талдау мектепке дейінгі ұйымның комплаенс-офицерімен 2025 жылғы 20 қараша мен 28 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 16.01 №21 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжайы» КМҚК – жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы заңды тұлға болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым Қарағанды облысы білім басқармасының 2021 жылғы 05 қаңтардағы №01/01 қаулысына сәйкес құрылған.

Білім беру ұйымында барлығы 72 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 36 педагог және 36 техникалық қызметкер. Барлық қызметкерлер біліктілік талаптарына сәйкес келеді, әр қызметкердің лауазымдық нұсқаулығы бар.

Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері жеке жауапкершілік міндеттемелеріне қол қойған.

Қазақстан Республикасы бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің «Арнайы есепке алу» ақпараттық жүйесінің деректері бойынша білім беру ұйымы қызметкерлерінің бұрын немесе қазіргі уақытта қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны анықталған жоқ.

2025 жылы (05.01.2025 ж. – 01.12.2025 ж. аралығы) талдау объектісінің қызметкерлеріне қатысты тәртіптік немесе өзге де шаралар қолданылған жоқ.

Лауазымды тұлғалар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеген және жауапкершілікке тартылмаған.

Мектепке дейінгі ұйымда мемлекеттік қызметтер белгіленген талаптарға сәйкес көрсетіледі. 2025 жылғы 1 желтоқсанға дейін екі мемлекеттік қызмет көрсетілді:

«Педагогтарды аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау»;

«Балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау».

Қазіргі уақытта «Балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау» мемлекеттік қызметі көрсетілуде. Балаларды қабылдау INDIGO порталының автоматтандырылған электрондық кезегі арқылы жүзеге асырылады.

Қызмет көрсету мерзімдері сақталады, қызмет көрсету тәртібін бұзу фактілері анықталған жоқ.

Талдау объектісінің қызметкерлеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде БАҚ арқылы сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз әрекеттер бойынша шағымдар түскен жоқ.

Мектепке дейінгі ұйымның кіреберісінде «сенім телефоны» көрсетілген ақпараттық стенд және жеке және заңды тұлғалардың өтініштері үшін пошталық жәшік орнатылған. Сенім телефоны мен жәшік ата-аналар мен қызметкерлер үшін қолжетімді. Өтініштер түскен жоқ.

Жаңадан қабылданған балалардың ата-аналары «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» жадынамасымен таныстырылады. Сондай-ақ ата-аналар арасында «Сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 221 ата-ана қатысты.

«Сіз мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту және тәрбиелеу процесіне қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа 218 ата-ана – «иә», 3 ата-ана – «жоқ» деп жауап берді.

Педагогтардың жеке қасиеттеріне қатысты ата-аналардың пікірі:

Сабырлылық – 190

Әділдік – 164

Жоғары адамгершілік – 125

Эмоционалдық тұрақтылық – 161

Оптимизм – 150

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік – 133

Жауапкершілік – 195

Адалдық – 194

111 ата-ана педагогтардың барлық аталған қасиеттерге ие екенін көрсетті.

«Балабақша әкімшілігінің әртүрлі шығындарына ақша жинау жүргізіле ме?» деген сұраққа барлық қатысушылар бір ауыздан «жоқ» деп жауап берді. Бұл қаржылық қызметтің ашықтығын дәлелдейді.

Мектепке дейінгі ұйымда ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жоспарына сәйкес түрлі іс-шаралар өткізіледі: ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы бойынша құқықтық оқыту, 2022–2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын талқылау, «Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке төнген нақты қауіп» атты жадынамалар орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ақпарат мектепке дейінгі ұйымның <https://krguo.edu.kz> және karlygash.bilimshahtinsk.kz сайттарында жарияланады.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген қызметкерлер (әдіскер, шаруашылық жөніндегі директордың орынбасары, бухгалтерлер, бас аспаз) декларация тапсырды.

Кадрларды басқару мәселелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады. Барлық қызметкерлер талаптарға сай.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл функциялары әдіскер О.В.Удалованың құзыретіне жатады, профилактикалық іс-шаралар жоспары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат әзірленген. Комплаенс-қызмет құрылып, жауапты тұлға болып О.В.Удалова тағайындалды.

Ұйымда тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға және №648 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады: баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс, бір көзден сатып алу (монополистер), мемлекеттік сатып алу веб-порталы және «O-market» платформасы арқылы.

Тамақ өнімдерін сатып алу №598 бұйрыққа сәйкес конкурс тәсілімен жүзеге асырылады. Конкурстық өтінімдерді қарау 4 адамнан тұратын комиссия арқылы жүргізіледі.

Ай сайын білім бөліміне орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер актісі, шот-фактура, INDIGO бағдарламасы негізіндегі балалардың нақты келуі туралы мәліметтер ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында LIDER порталында барлық қызметкерлер бойынша «Тарификациялық тізім» және «Штаттық кесте» толтырылады.

Ай сайын бухгалтер Шахтинск қаласының білім бөліміне «Шығындар бойынша жиынтық» бюджеттік қаражатты игеру туралы есеп тапсырады.

Ұйымда 1С бағдарламасы арқылы барлық қаржылық-шаруашылық қызмет бұлтты жүйеде жүргізіледі.

Есепті жылдан кейінгі 15 сәуірге дейін Мемлекеттік реестр порталына Даму жоспарының орындалуы туралы есеп тапсырылады.

Ұйымды қаржыландыру Шахтинск қаласының білім бөлімімен жасалған мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру туралы шарт негізінде жүзеге асырылады. Ай сайын атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер актісі ұсынылады.

Бухгалтер Е.В.Тихомирова жыл сайын ұжымға мемлекеттік қаражаттың мақсатты пайдаланылуы туралы ақпарат береді. Барлық қызметкерлерге ай сайын еңбекақы бойынша есеп айырысу парағы (табуляграмма) беріледі.

Директор



Н.Рользинг